

Отандық ғылым
олқылықтан
арылады



3-бет

МӘМС
мақсатына
жетті ме?



4-бет

Көшпелі
мәдениеттің
көшпелі салтанаты



8-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 4 СӘУІР, 2024 ЖЫЛ №37 (23 359)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тасқынның екінші толқыны бар

Облыстағы жағдайды су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб басшысының орынбасары, вице-премьер Қанат Бозымбаев пен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Аринов тексеріп қайтты. Жағдайды әуеден бақылап, өңірдегі өзен алаптарын тексерді. Өңірде су тасқынының екінші толқыны болжануына байланысты, жағдай күрделі деп бағалануда. Атап айтқанда, Нұра, Осакаров аудандары аумақтарының 40 пайызы және Ақтоғай ауданының солтүстік бөлігі қар астында жатыр.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығын толық өтеледі

Бүгінде төтенше жағдайлардың алдын алу үшін су тасқыны қаупі бар аудандарға азаматтық қорғау қызметінің қосымша күштері мен құралдары тартылды. Бөгеттер нығайтылып, жергілікті атқарушы органдар мен қызметтер техникамен қамтамасыз етілген.

Қанат Бозымбаев төтенше жағдай режимі жарияланған Шет ауданындағы жағдаймен де танысты. Аталған ауданның Қайрақты, Ақсу, Красная Поляна, Деріпсал ауылдарында 40 үйге су кірген. 292 адам құтқарылса, оның 114-і – бала. Жағдайдың біршама тұрақталуына байланысты бірқатар тұрғындар үйлеріне оралды.

Одан бөлек, Қанат Бозымбаевқа су тасқынының ауыр салдарының алдын алу үшін қабылданған шаралар туралы баяндалды. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, ең қиын кезең 29-30 наурыз аралығында болған. Қазір су қоймасы күшейтілген режимде.

– Нұра мен Шерубай-Нұраның бас жағында қардың тез еруі басылды. Қар қалың емес. Нұра өзеніне қосылып жатқан артық су байқалмайды. Қарқаралы және Бұқар жырау аудандары аумақтарында су тасқынының шарықтау шегі өтті десе де болады, – деді облыстың төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қапанов.

Штаб басшысының орынбасары Шет ауданының зардап шеккен тұрғындарымен кездесу барысында су тасқынынан келген барлық шығынды комиссия бағалап, толық өтелетінін атап өтті.



– Мемлекет басшысы су тасқыны зардаптарын барынша азайтуды және бірінші кезекте, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды. Комиссия барлық үйді тексерді. Көмек көрсетіледі, мүлік қалпына келтіріліп, өтеледі. Егер үй жарамсыз деп танылса, жаңасы салынады

немесе екінші нарықтан басқа баспана сатып алынады, – деді ауыл тұрғындарына Қанат Бозымбаев.

Қазір штабтың басты назарында – Нұра өзенінің алаптары. Облыс әкімдігі қауіптің алдын алу мақсатында тиісті шаралар қабылдап жатыр.

Құзырлы орган тәулік бойы кезекшілікте

Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің мәлімдеуінше, облыстағы

гидротехникалық құрылыстар штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Одан бөлек, толып кетпес үшін олардан су жіберіліп те жатыр.

► 2-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

Олимпиададан он жүлде

Қарағандылық он оқушы география, информатика және химия бойынша 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері атанды. Олар екі алтын, бір күміс және жеті қола медаль жеңіп алды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

I, II, III орындарды «Білім-Инновация №1» мектеп-лицейінің үш оқушысы иеленді. 10 сынып оқушылары Санжар Қалиқабар – алтын, Айдар Дәрібай – күміс, 9 сынып оқушысы Құрманәлі Әпейіс – қола жүлдені иеленді.

Ал, география пәнінен №2 Қарағанды қалалық лицейінің 11 сынып оқушысы – Алан Бодуков, Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің 10 сынып оқушысы – Мирас Айқынбаев, «Білім-Инновация №2» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы – Арайлым Темірланқызы, Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернат-лицейінің 9 сынып оқушысы – Ералы Қалыш III орынды бөлісті.

«Информатика» санатында I орынды Н.Нұрмақов атындағы мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы Әлішер Қазтаев иеленді. Осы пән бойынша екі III орынды «Білім-Инновация №1» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы Абзал Бекежан және Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы Асқар Айбасов жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен және Оқу-ағарту министрлігінің алтын, күміс және қола медальдарымен марапатталды. Абзал Бекежанға диплом және медальмен қатар Қазақстан-Британ техникалық университетінің гранты табысталды.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 тт	5891,70 тт
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 тт	3083,70 тт

Қарағанды қ. Ермекова к. № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Сағыныш – 8-702-638-56-85

Нұрсұлтан – 8-705-902-04-05

Тел: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Қырдағы науқанға қызу қамданыс

Өткен жылға шаруалардың өкпесі бар. Жылда қамбаларын астыққа толтыратын оларға былтыр көп кедергі болды. Жауын-шашын мөлшерден көп жауды. Егінді киік таптады. Жердің тозғандығына және қапалы. Тағысын тағы. Несін жасырамыз, көп шаруа көлденең шығынға ұшырады. Бұдан Үкімет бейхабар емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев егінді әртарапандыру жұмыстарын күшейтуге қатысты жан-жақты тапсырма жүктеген еді. Жакында ғана Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Біздің өңірдегі шаруалар да дала жұмыстарына қамданып жатыр.



Қасымхан БҰРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үкімет суармалы алқаптарды кеңейтуге, егіс алқаптарын әртарапандыруға назарын ерекше аударып отыр. Тіпті, бұл мәселе Үкіметте ай

сайын қаралуда. Мұнымен қоса, елімізде сапалы тұқым қоры мен тұқымның импортына тәуелділік бойынша да мәселе жоқ емес. Шағын және орта шаруалар сапалы тұқымға қол жеткізе алмай келеді. Осы ретте Үкімет басшысы Азық-түлік корпорациясы жинақталған қордан кемінде 200 мың



Президент тапсырмасын орындай отырып...

тонна тұқымды мұқтаж фермерлерге тауарлық несие түрінде бөлу керектігін, климатқа төзімді, өзімізде шығарылатын тұқымдық қордың көлемін ұлғайту қажеттігін тапсырған болатын. Өзірге біздің аймақтағы дикандар үшін бидайдың былтырғы жылғы үшінші санатты тұқымы сатылып жатыр. Тоннасы – 150 мың теңге. Өңіріміздегі екі тұқым шаруашылығы – «Шахтерское» ЖШС мен Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 7,3 мың тонна тұқым қоры бар. Дегенмен, шаруалар импортты тұқым салсақ, астығымыз аса берекелі болар еді деп отыр.

Биыл аймағымыздағы бидай алқабы 8 мың гектарға, арпа алқабы 12, 7 мың гектарға кеміді. Бұл жоғарыда айта өткеніміздей, Мемлекет басшысының егінді әртарапандыру жұмысын күшейту керек деген тапсырмасы негізінде қолға алынып отыр. Енді, есесіне жоғары рентабельді дақылдар алқабы ұлғаяды.

– Майлы дақылдар алқабын 27,3 мың гектарға, азықтық дақылдар алқабын 18,2 мың гектарға ұлғайталады деп отырмыз. Биыл дөңді дақылдар алқабы – 959,1 мың гектар, майлы дақылдар – 57 мың гектар, шаруашылық құрылымдарындағы картоп алқабы – 11 508 гектар, көкөніс – 1 227 гектар, азықтық дақылдар алқабы – 80 мың гектар болмақ. Биылғы көктемгі дала жұмыстарына осы бағыт бойынша қамданып жатырмыз, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин.

Көл-көсір өнім алу үшін минералды тыңайтқышты барынша молынан қолдануды шаруалар жақсы біледі.

► 6-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 480.83

•USD/KZT 447.53

•RUB/KZT 4.84

•CNY/KZT 61.85

Қазақстан Ұлттық Банкінің 3 сәуір, 2024 жылғы дерегі бойынша



Тасқынның екінші толқыны бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өңірдегі Самарқанд, Ынтымақ, Шерубай-Нұра сияқты ірі су қоймаларында судың ұлғаюына байланысты Абай, Бұқар жырау және Нұра аудандарының Нұра өзенінің төменгі ағысында орналасқан 28 елдімекенде және Ақтоғай ауданының 2 елдімекенінде және Қарағанды қаласында қапшықтарды төсеу, инертті материалдарды төгу және қорғаныс біліктерін нығайту шаралары жүргізілген.

Бүгінде 720 адам, 202 техника, 24 мотор сорғысы, 1 «Xingtai» тіркемелі сорғы станциясы жұмылдырылған. Су тасқыны басталғалы 245 912 текше метр су сорылды. 1131 тонна инертті материал, оның ішінде, тәулігіне 223 тонна инертті материал құйылды.

Төтенше жағдайлар департаменті мен жергілікті атқарушы орган қызметкерлері су басу қаупі бар аймақтардың жағдайын бақылау үшін тәулік бойы кезекшілікте.

Төрт бағытта жол жабық

Қарағанды облысында эрозияға, жол жамылғысының жыртылуына және еріген судың жол жиегінен асып кетуіне байла-



нысты 4 жол учаскесі жабық. Атап айтқанда, Ақтоғай ауданы, облыстық маңызы бар «Ақтоғай-Нұркен» автожолының 57-ші шақырымында жолды шайып кеткен. Одан бөлек, осы аудандағы «Нарманбет-Қошқар» бағытындағы тасжолының

86 шақырымында Ақтайлақ өзеніндегі су деңгейінің көтерілуінен жол бөлігі шайылып кеткен. Қошқар ауылы мен Айыртау ауылына апаратын жолдар жабық. Елдімекендерге қауіп төніп тұрған жоқ.

Нұра ауданында жергілікті маңызы бар автомобиль жолының Балықтыкөл ауылынан «Шахтинск-Қайнар-Нұра» тасжолына дейінгі 20 шақырымында еріген қардың қарқынынан су тасқыны орын алды. Жол учаскесі жабық. Ұлытау облысындағы Жаңаарқа ауданы арқылы өтетін айналма жол бар.

Сондай-ақ, Шет ауданы, Нұраталды ауылы, Шопа ауылына кіреберіс жол жабық. Шерубай-Нұра өзенінде су деңгейі көтерілген. Соның салдарынан су тасқыны орын алды. Шопа ауылына жол жүру шектелген.

Төтенше жағдайлар департаменті базасында су тасқынына қарсы штаб тәулік бойы жұмыс істейді. Телефоны: (8-7212) 51-11-10.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Ауыл интернетсіз қалмайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge 2023 халықаралық технологиялық форумында 2025 жылдың соңына дейін барлық ауылдарды ұялы байланыспен қамтуды тапсырған болатын. Осы мақсатта облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов Beeline Kazakhstan басшысы Евгений Настрединмен кездесіп, өңірдегі байланыс пен интернеттің сапасын арттыру мәселелерін талқылады. Онда тұрғындар мен бизнес үшін байланыс жағдайларын жақсарту мәселелері қарастырылды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2023 жылы Beeline 40 жаңа базалық станцияны қосу және бұрыннан бар 80-ге жуық станцияны жаңарту арқылы ай-

компания Қарасу, Қойбас және Қоянды сияқты елдімекендерді байланыс және интернетпен қамтамасыз етті. Алдағы уақытта Босаға ауылын мобильді операторға қосу жоспарда. Одан бөлек, быыл Beeline компаниясы 80-нен астам база-



мақтағы желісін кеңейткен болатын. Ал, 50-ден астам адам тұратын ауылдарды қамтитын «50+» бағдарламасы аясында

лық станцияны қосады. Облыс әкімінің орынбасары мобильді оператор тарапынан атқарылған

жергілікті билік органдарымен ынтымақтасуға және Қарағанды облысындағы байланыс және интернет мәселелерін шешу үшін шаралар қабылдауға дайын екенін білдірді.

– Біз ауылға және халқы аз аудандарға жақсы байланыс пен интернетке қол жеткізудің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Бұқар жырау ауданындағы Астаховка және Суықсу ауылдарының әкімдіктеріне, сондай-ақ, жергілікті инвесторларға шағын елдімекендерді байланыс пен интернетке қосу жөніндегі жобаларды іске асырудағы ынтымақтастығы үшін алғыс білдіргім келеді. Компаниямыз Қарағанды облысының әр тұрғынын заманауи сапа стандарттарына сәйкес тұрақты интернетпен қамтамасыз етуде облыс пен жергілікті аудандармен белсенді ынтымақтастық үшін әрқашан ашық, – деп қорытындылады Beeline Бас директоры Евгений Настредин.



Сурет ашық дереккөзінен

Өңірлерді дамыту

Саранның сарабдал үлгісімен...

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің міндеті отандық тауар өндірісін ұлғайту үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін ұдайы назарында ұстайды. Мәселен, Қарағанды облысында «Сарыарқа» арнайы экономикалық және Саран индустриялық аймағы аумағында бірқатар өркениді өнеркәсіптік жобалар іске асырылуда. Ірі кәсіпорындар іске қосылды. Мұндай заманауи өндірісті алаңдар шетелдік компаниялардың релаксация алаңы бола алады және болуы керектігін Мемлекет басшысы облысқа жасаған сапарында мәлімдеген еді. Тек тиісті шарттар қажет. Осыған орай, Премьер-Министр Саран үлгісімен республиканың басқа монокалаларында индустриялық аймақтар құруды тапсырды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздегі монокалаларды дамыту перспективалары қарастырылды.

Үкімет отырысында монокалалардың инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту барысы туралы Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиев баяндады. Оның айтуынша, Степногорск жылу электр орталығын жөндеу-қалпына келтіру және Балқаш жылу электр ор-

құруды өзге өңірлерге үлгі ретінде келтірді. Үкімет басшысы еліміздің монокалаларын дамыту үшін осы тәжірибені айғақты мысал ретінде ұстануды тапсырды.

– Өнеркәсіп министрлігі Ақтөбе, Атырау және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, жыл соңына дейін Хромтау, Сәтбаев, Балқаш және Құлсары монокалаларында Саран қаласының үлгісі бойынша индустриялық аймақтар құруы қажет. Болашақта бұл тәжірибені басқа монокалаларға да енгізу маңызды, – деді Олжас Бектенов.

Монокалаларда шағын және орта



талығын жаңғырту жұмыстары іске асыру кезеңінде тұр. Сондай-ақ, Степногорск, Риддер, Теміртау, Шахтинск, Рудный, Екібастұз, Кентау қалаларында 28 қазандық пен 11 турбинаны жөндеу және реконструкциялау жоспарланған. 11 қаланы газбен жабдықтау бойынша жұмыс жалғасуда, бұл келешекте 600 мыңға жуық тұрғынды көгілдір отынмен қамтуға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Саран қаласында елдімекеннің дамуына жаңа серпін беруге мүмкіндік беретін индустриялық аймақ құру нәтижелері туралы баяндады. Жыл соңына дейін Хромтау, Сәтбаев, Балқаш және Құлсары қалаларында осындай индустриялық аймақтар құру тапсырылды. Келешекте бұл тәжірибені басқа монокалаларға да тарату керек. Бұл орайда Премьер-Министр Олжас Бектенов Қарағанды облысында Саран индустриялық аймағын

бизнесі дамыту жұмыспен қамтудың қала құраушы кәсіпорындарға тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді, деп атап өтті Премьер-Министр. Бұл экономиканы әртарапандыруды ынталандырады және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Естеріңізге сала кетейік, Саран индустриялық аймағы Қарағанды облысында 2021 жылы бұрынғы «РТИ» зауытының өнеркәсіптік алаңында құрылған болатын. Аталған шешім монокаланы дамыту және облыс экономикасын әртарапандыру үшін осы нүктесіне айналды. Қазірдің өзінде оның аумағында бірқатар ірі жобалар: автобус, шина зауыттары және тұрмыстық техника өндірісі іске қосылды. Металлургия саласында жаңа жобалар бар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ӨЗЕКТІ

Ойынқұмарлықты өзіңіз шектей аласыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған. «Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. «Аманат» партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Парламентте қаралып жатқан сол жобаны осы сессияның соңына дейін қабылдау қажет» деген болатын.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Наурызда құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан өзін шектейтін пилоттық режимдегі онлайн қызмет іске қосылды. Осы аралықта елімізде 7000-нан астам адам өздерін онлайн форматта құмар ойындарға қатысудан шектеген.

Туризм және спорт министрлігінің мәлімдеуінше, 1 сәуірдегі жағдай бойынша «eGov mobile» мобильдік қосымшасы арқылы Қазақстанның 7 мыңнан астам азаматы мен резиденті онлайн қызметке жүгінген.

– Онлайн форматтағы жаңа қызмет қағаз нұсқадағы жазбаша өтінішке қарағанда өтініштерді өңдеу мерзімін едәуір қысқартады және құмар ойындарға қатысудан өзін-өзі шектеу рәсімін жеңілдетеді. Бұл барлық азаматқа, ең алдымен құмар ойындармен шектен тыс әуестенетін



Сурет ашық дереккөзінен

тұлғаларға барлық лицензияланған ойын мекемелері мен букмекерлік кеңселердің заңды сайттарына кіруге лезде тосқауыл қоюға мүмкіндік береді, – деді Туризм және спорт министрінің орынбасары Мирас Төлебаев.

Сонымен қатар, цифрлық сервиспен қатар азаматтар құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеу өтінішін (қағаз нысанда) ойын бизнесін ұйымдастырушылар арқылы бере алады. Бүгінде қағаз форматындағы құмар ойыннан өзін шектеген 3 мыңнан астам адам бар.

Отандық ғылым олқылықтан арылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жанама ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек екенін айтты. «Сол себепті біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз», – деп атап өтті Президент.

табандылығын атап өту қажет. Ерте ме, кеш пе, біз бұған келетін едік. Алайда, Болон үдерісі бағытындағы жоғары білім мен ғылым реформаларының негізгі қателігі белгілі бір институттарды құру идеяларын

онда аталған шешім бекітілмеуі және адам ізденген қажетті ғылыми дәрежесін ала алмауы мүмкін еді. Көп ел қабылдаған қазіргі еуропалық модель бойынша PhD дәрежесін университеттер жанындағы диссертациялық кеңестер береді.

Бізге бұл модель басқаша жұмыс істейді. Мәселен, бастапқы кезеңде елімізде ғылым докторы дәрежесін беру алынып тасталды, ал ғылым кандидаттарын PhD дәрежесіне теңестірді. Бұл ретте ғылым кандидаты дәрежесінің орнына PhD қарастырылған және бұрынғысынша шешімді уәкілетті орган бекітетін диссертациялық кеңестердің ескі нысаны қалды. Ұлттық жоғары оқу орындарына уәкілетті органға соқпастан, дәреже беру құқығын алу үшін 10 жылға жуық уақыт қажет болды. Ерекше мәртебесі жоқ, яғни, дайындықтың 19 бағытында докторлар даярлап жатқан қалған барлық жоғары оқу орындарына дәрежені бекіту рәсімі ескі күйінде қалып отыр. Диссертацияларды қорғау және сәйкесінше ғалымдардың өсуі, әсіресе өмірлерде, осыған байланысты өте аз болуы мүмкін. Біздің ойымызша, еуропалық модельге көшу рәсімін соңына дейін жеткізу керек, PhD дайындауға лицензиясы бар барлық жоғары оқу орнына өздерінің дербес диссертациялық кеңестерін құруға және дәрежелер беруіне рұқсат беру керек, оның үстіне 3 жылдан бері университеттер жеке үлгідегі дипломдарын беріп келеді. Әйтпесе, логика бұзылады. Уәкілетті орган жоғары оқу орнына докторантураға лицензия береді, солай бола тұра жеке дипломын беруге сенбейді. Әлемдік тәжірибеде, мысалы, Германияда кейбір жоғары оқу орындарының басынан бастап PhD даярлауға құқығы болмайды. Жоғары оқу орындарының осындай традициясын бізде де енгізуге болады. Бірақ жоғары оқу орындарының көпшілігі ғалымдарға дербес шешімдері негізінде дәреже беру туралы дипломдар беруі керек.

Қарсы дәлелдерді болжауға болады: егер бақылау болмаса, онда қорғаныс сапасы төмендейді, ғылымға қатысы жоқ адамдар, мысалы, шенеуніктер, кәсіпкерлер диссертация қорғайды. Алайда, біріншіден, мұны докторлар даярлау сапасына мониторинг жүргізу арқылы реттеуге және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге лицензияның елеулі бұзушылықтары болған кезде ұзартпауға немесе қайтарып алуға болады. Бұл лицензия берген уәкілетті органның функциясы болуы керек. Екіншіден, егер бұл теріс болжам орындалса да, мемлекеттік қызметшілер мен бизнесмендер арасында дәреже алғысы келетіндер пайда болса, онда олар үшін бейінді докторантура сай келеді.

Ғалымдар санын көбейтудің келесі жолы – докторантураға «бүйірінен кіру». Студенттік кезінен бастап ғылыммен айналысатын және жоғары дәрежелі ғылыми басылымдардағы жарияланымдары бар адамдар докторантураға жеңілдетілген ережелер бойынша, тіпті, қысқартылған бағдарлама бойынша түсуі керек. Мысалы, Ұлыбританияда бакалавр дәрежесімен сіз магистр дәрежесін алу қажеттілігін айналып өтіп, бірден докторға оқуды жалғастыра аласыз және т.б. көптеген мысал бар, соның ең оңтайлысын таңдау керек.

Жоғары оқу орындарындағы зерттеу-



Қолында жазғыш Ш.Адамбаев

салыстырғанда өте аз.

2022 жылы докторантураны бітірген 1 536 адамның 234-і ғана диссертация қорғап, ғалымдар қатарын толықтырды, ал 2021 жылы 642 докторант диссертация қорғаған болатын. Барлық жоғары оқу орнында кадрлар, оның ішінде ғылыммен белсенді айналысатын зерттеушілер тапшы. Бұрынғыда 600-ге жуық ғалым жұмыс істеген ғылыми-зерттеу институттары қазір сол штаттың үштен бір бөлігін де қалпына келтіре алмай отыр. Егер мұндай үрдіс одан әрі жалғаса берсе, мемлекет инновация жасауға қабілеті бар ғылыми топтардың азғантай шоғырынан да айырылады. Тіпті, ғылым бюджетінің жыл сайынғы ұлғаюы да қажетті нәтиже бермейді. Қарапайым себеп: бұл қаражатты тиімді игеретін ешкім жоқ. Ғылыми кадрларды өсірудің тиімді механизмі қалыптаспаған.

2010 жылы аспирантура мен докторантура арқылы ғылыми кадрларды даярлаудың екі сатылы нысанын бір сатылы PhD-ға ауыстырған алғашқы реформаторлардың

терең түсінбестен, іске асырудың ішкі тетіктерін зерделемей, тиісті инфрақұрылымдарды дайындамай, халықаралық тәжірибені көшіруі болды. Біз жаңа нысандарға ескі мазмұнды енгіздік. Мысалы, PhD дәрежесін енгізе отырып, оның не екенін түсінетін ғалымдар мен реформаторлардың өздері некен-саяқ болды. Тіпті, PhD өзі бастапқыда ғылыми дәреже ретінде, содан кейін академиялық дәреже ретінде айқындалды, бүгінде Қазақстанда бұл жай PhD дәрежесі.

Бірақ ғылыми кадрлар даярлау жағдайында ескі мазмұнды жаңа нысанға орналастыру мүмкін емес. 2010 жылға дейінгі модель бір бірыңғай органның дәреже беруді орталықтандыруына негізделді, кенес заманында бұл Жоғары аттестаттау комиссиясы (КСРО ЖАК), содан кейін Қазақстанда ЖАК немесе Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті болды. Осы модельге сәйкес жоғары оқу орындары мен ҒЗИ жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің шешімдерінен кейін барлық материал мен диссертация ЖАК-қа жіберілді,

Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Бізге отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүдделімізге сәйкес айқындау керек. Құрылтайда Президент маңыз беріп отырған мәселе осы міндеттен бастау алады.

Бүгінде Мәжіліс талқылауында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы жатыр. Заңға аса маңызды, оның ішінде ғалымдарды ынталандыруға және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған нормалар енгізіледі деп күтіліп отыр. Атап айтқанда, профессор және қауымдастырылған профессор атақтары үшін жаңа үстемеақылар енгізу, шығармашылық демалыс, ғылымды жергілікті бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігі, жас талантты ғалымдарға арналған стипендиялар және т.б. Жалпы, ұлттық ғылыми жүйенің жұмыс істеуі мен дамуының негізгі қағидағары мен тетіктерін реттейтін жаңа заң уақытылы қабылданып отыр және ғылымның дамуына ықпал етеді.

Кейінгі жылдары Қазақстан адами даму деңгейі жоғары елдер тобына (HumanDevelopmentIndex) еніп, рейтингке қатысқан 191 елдің ішінде 56-орынды иеленді және Ресейден кейінгі 2-орынға тұрақтап, ТМД елдері арасында қош бастап тұр. Алайда ойландыратын тағы бір көрсеткіш бар. Ол – инновациялық қызметіне сәйкес әлемдік экономиканы саралайтын, ғылыми-техникалық және инновациялық даму деңгейін бағалайтын Жаһандық инновациялар индексі. Осы көрсеткіште еліміз 132 елдің ішінде 83-орында тұр...

Жаңа білімді қалыптастыру және енгізу үшін сапалы ғылыми-зерттеулер қажет. Бұл тек зерттеулердің мазмұнына, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу әдістеріне емес, ең алдымен, ғылым мамандарын даярлау сапасымен анықталатын зерттеушілердің біліктілігіне де байланысты. Ғылым мамандарын молайту бізде білім беру ұйымдарында магистратура және докторантура арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Осы тұрғыда біз ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың кей мәселесін қарастырып, шетелдік тәжірибені талдау негізінде бүгінгі таңдағы тиімді шешу жолдарын ұсынды жөн көрдік.

Біріншіден, елде ғалымдар өте аз. Ғылым жөніндегі Ұлттық баяндама деректеріне сәйкес 2022 жылы зерттеулермен және әзірлеумен айналысатын персоналдың саны 22 456 адамды құраған, оның ішінде кәсіби түрде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын, сондай-ақ тікелей жаңа білім құруды жүзеге асыратын қызметкерлер – 18 014. Осыған сүйенсе отырып, экономикада жұмыс істейтін 10 мың адамға шаққанда ғылыми-зерттеулер мен әзірлеулерге орта есеппен 20 адам тартылады, бұл Германия (233 адам), Жапония (180 адам), Қытай (81 адам) сияқты елдермен

Бірлікке үндеген бірегей жиын

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз және елдің алдындағы маңызды мәселелерді алқалы жиында талқылайтын орта. Осында қабылданған шешімдер бүкіл елді біріктіретініне сөз жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайда Әділетті Қазақстан күрделі әрі ұзақ үдеріс арқылы құрылатынына назар аударды.

Өткен тарихымызға үңілсек, ұлт тағдырына қатысты маңызды кезеңде Алаш жиналып, келелі мәселені құрылтай арқылы кеңесіп шешкен. Ұлттық Құрылтайдың маңызы ерекше. Құрылтай шақырып, келелі басқосу елімізді дамытуға ықпал ететін ұсыныстарды талқылайды. Ұлттық Құрылтай елдің өтіншілері мен тілектерін жинайтын коммуникацияның әртүрлі форматты пайдалану арқылы ашық әрі тиімді диалог алаңына айналды. Ұлттық Құрылтайда үш құндылық негізге алынады.

Біріншісі, идеологиялық тұжырымды камтиды. Себебі, мемлекетіміздің тарихы тым тереңнен, Алтын Ордадан бастау алып, Қазақ хандығы дәуіріне жалғасады.

Екіншісі – ұлтты ұйысуға үндеу. Құрылтайдың бірінші отырысы ұлт ұясы Ұлытауда өтті.

Үшінші ой – мемлекет мүддесі бәрінен биік екенін түсіндіру. Тәуелсіздік идеясы мен мемлекеттік құндылықтарды берік орнықтыра түсуге бағытталған. Осы үш құндылық, ұлтты ұйысуға үндеу, мемлекет мүддесін бәрінен биік қою – жаңа қоғамдық шартты қалыптастыру болмақ. Осы орайда Сарайшықтағы басқосу – Әділетті Қазақстан, Адал азамат, озық ойлы ұлтты қалыптастыру қағидасына негізделді.

Ұлттық Құрылтай құрылғалы ауқымды жұмыс атқарылууда. Осы орайда, билік пен қоғамның әріптестігі Әділетті Қазақстанды құру ісінде айрықша рөл атқарды.

Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтай арқылы халықтың жағдайын жақсартуға,

халқымыздың рухани дүниесін байытуға, сол арқылы мемлекеттің дамуына баса назар аударып отыр. Осы орайда «Ұлттық Құрылтай отырысы ол сән-салтанат құрып, арқаны кенге салып отыратын жиын еместігін, яғни, Ұлттық Құрылтай халық арасында өзекті болған, мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп тұрған жағдай мен мәселелерді шешуге, дүниежүзінде өзінің жақсы қасиеттерімен танылатын ұлтты тәрбиелеу мен әлеуметтендіруге қатысты» екендігін ерекше қадап айтты.

Ұлттық Құрылтайдың негізгі мақсаты – мемлекеттік нышандарды жетілдіру. Қазақстан үшін әрдайым өзекті мақсаттардың бірі – елімізді, атамекенімізді танытатын, ұлттық кодымызды айшықтайтын ұлттық брендті қалыптастыру болып табылатынын жеткізді. Еліміз қазақ халқының дәстүр мен әдеп-ғұрыпқа, тарихқа, осында тұратын ұлттардың құндылықтарына толы мемлекеттердің бірі екенін алға тартты.

Дол қазіргі уақытта, мемлекеттік нақыштағы өнімдер мен туындыларды әлемге таныту қажеттілігін қолға алуды тапсырды. Сонымен қатар, Президент мемлекеттік наградаларға қатысты өзіндік пікірін білдірді. Мемлекеттік сыйлықтар мен құрметтер тек қана өзінің ісіне, кәсібін, Отанына адал азаматтарға берілуі керектігін атап өтті.

Екінші мәселеде Мемлекет басшысы ұлттымыздың тарихи сана-сезімін жаңғыртуға Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихының жазылуы әсер ететінін



Сурет шыққан дереккөзі

атады. Осы тұрғыда қазіргі кезде Қазақстан тарихы кітаптары еліміздің тарихи жолы туралы толықтай ақпараттар бере алмай отырғанын жеткізді. Халқымыздың көптеген тарихи тұлғаларының өмірлері кең көлемде жазылмағанын алға тартты. Келешек ұрпақ өзінің тарихи болмысын, рухын және ұлттық сана-сезімін, ата-тегін ұмытуға алып келетініне алаңдаушылық білдірді. Өткен тарихымызға қатысты ғылыми зерттеулер жұмысына тоқталып, Жошы хан жайлы кітап жазылатынын жеткізді.

Президент баяндамасында жас ұрпақты әлеуметтік желінің түрлі зиянды контенттері, үлкендер тарапынан берілген тарби-

енің толық санаға құйылмауы, ұрпақты еңбекқорлыққа тәрбиелеуі тиіс тұлғалардың келесісі әрекеттерінің барлығы біздің ұлттымыздың жастарының санасына, денсаулықтарына әсер ететінін өткір көтерді. Бүгінгі күні қоғамда зиянды дүниелер бетпе-бет кездесудеміз. Осы орайда Мемлекет басшысының аталған мәселелерді шешуге қатысты айтқан сөздерінің құны жоғары екендігі байқалуда. Аталған мәселелерде әркім өзінің әрекетіне, ісіне, сөйлеген сөзі мен ұрпақтың тәрбиесіне қалай әсер етіп жатқандығына жауапты болуы керек.

Отаныңың елдің азаматтары қоғамға, өскелең ұрпағымызға рухани дүниеміздің байлығы, адамгершілігіміз, жақсы іс пен



шілер санын арттырудың тағы бір мүмкіндігі – адам докторантурада оқып, өндірістен қол үзбей, мысалы, оқытушы ретінде жұмысын жалғастыра отырып, ғылыми дәреже алуға мүмкіндігі бар. Кейбір елдер үшін бұл – докторлар даярлаудың негізгі жолы. Мысалы, Германияда немесе Ұлыбританияда университеттің аға оқытушылары оқытушылық қызметті диссертация жүзеге біріктіреді. Бұл сондай-ақ, мемлекеттің PhD даярлауға жұмсайтын шығындарын қысқартады.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орны магистратураға қабылдаудан шеттетілді, түсу емтихандары уәкілетті орган бекіткен ұйымда ҰБТ қағидаты бойынша тапсырылады, болашақта докторантура да осындай ауыртпашылыққа тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайда адамның зерттеу қызметіне дайындығын кім немесе не анықтайды? Мұны тек емтихан немесе тест нәтижелері бойынша анықтау мүмкін емес, өйткені ғалымды цифрландыруға болмайды. Жастардың зерттеушілік талантын тек тәжірибелі ғалым ғана байқай алады. Сондықтан, магистратура мен докторантураға түсу кезінде, ең алдымен, жетекші ғалымдардың ұсыныстарын басшылыққа алу керек.

Қазір бізде магистратураның екі бағыты бар: ғылыми-педагогикалық және бейіндік. Біріншісі, болашақ оқытушыларға немесе ғалымдарға, екіншісі, экономиканың нақты секторына арналған. Бейіндік магистратура тереңдетілген кәсіби білім береді. Оқыту қолданбалы сипатқа ие және кәсіби менеджерлер мен басшыларды даярлауға бағытталған. Бірақ біздің бүгінгі өндірісімізге ғылым магистрлері қажет пе? Бұған бейіндік магистратураға мемлекеттік тапсырысты және оның игерілуін білгеніңіз, жауап ала аласыз. Біздің ойымызша, магистрлерді бөлінген бюджеттік орындар санының аздығына байланысты зерттеу ісіне ұтымды бағыттаған жөн. Мысалы, Ұлыбританияда магистр дәрежесін оқыту немесе зерттеу арқылы алуға болады. Оларда ғылыми-зерттеулер магистрі дәрежесі бар. Зерттеу магистратурасының түлектері біздіңше, докторантурадағы зерттеулерді жалғастыруға барыныша дайын болады.

Магистратурадан бастап докторантураға түсу және оқу, диссертация қорғау және PhD дәрежесін беруге дейінгі ғылым үшін кадрлар даярлауға назар аударатын кез келді. Бүгін жіберіп алған уақыт ертеңгі ғылым мен экономиканың дамуына әсер етпей қоймайды.

Нұрлан ДУЛІАТБЕКОВ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің басқарма
торағасы-ректор,
заң ғылымдарының докторы,
профессор

Меруеш БАШАЙ,
облыстық мәслихаттың депутаты



Арнаулы төлем: денсаулыққа зиянды азайтады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр жыл соңында зиянды өнеркәсіп саласында жұмыс істейтіндерді әлеуметтік қорғау туралы заңға қол қойды. Заң аясында зиянды өнеркәсіп орнында еңбек ететін зейнеткерлік жасқа дейінгі қызметкерлерге жаңа арнаулы әлеуметтік төлем енгізілді. Қазақстандықтар оны 55 жастан бастап, зейнетке шыққанға дейін алуға құқылы. Арнаулы әлеуметтік төлемін ай сайын алып, демалысқа кетуіне болады. Қоса жұмыс істеймін десе, рұқсат, тек ауыр, денсаулыққа зиянды жұмыс істемесе болғаны. Айта кету керек, оны алу үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында кемінде жеті жыл бойы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиналуы тиіс.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрынырақ айтылғандай, аталған төлем бірнеше компоненттен тұрады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті бас маманы Бекзат Бейсебекованың айтуынша, арнаулы әлеуметтік төлем арнайы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы (екі ең төменгі күнкөріс деңгейі), зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі-

нен, жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемнен және жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы төлемдерінен құралады.

– Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем алу үшін жұмыс берушіге зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын немесе еңбек шартын бұзатын басқа жұмысқа ауыстыру туралы өтініш беру қажет. Бұл туралы мәлімет Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі. Осы деректер негізінде арнайы әлеумет-

тік төлемге кіретін жоғарыда көрсетілген төлемдердің барлық түрлерін тағайындау бойынша проактивті қызмет көрсетілетін болады. Бұл ретте ЖЗҚ-дан МКЗЖ және

МКЗЖ есебінен немесе тек МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алуға келісімді, 1414 нөмірінен жіберілген тиісті SMS-хабарламаға жауап беріп, растау қажет. Ар-

Президент тапсырмасын орындай отырып...



Арнайы әлеуметтік төлем ең төменгі күнкөріс (ТК) деңгейі мөлшеріне байланысты 2024 жыл ол 43 407 теңгені құрайды

Арнайы әлеуметтік төлем компоненттері:



Инфографика жасаған А. Рахымжан

наулы зейнетақы төлемін алушы ешқандай бармай-ақ, SMS-хабарламаға жауап берсе, жеткілікті, – дейді Бекзат Бейсебеков.

Зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істеген, бірақ, қазір жұмыс істемейтін адамдар аталған төлемді арнайы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы мен жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы төлемдері есебінен алады.

– Бұл ретте зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істемейтін, 55 жасқа толған және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын кемінде 84 ай төленген тұлғалар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшесіне барып, өтініш жазуы керек. Онда төлемдерді алуға өзінің келісін көрсетуі қажет болады, – дейді Бекзат Яхияқызы.

Ол міндетті кәсіптік зейнетақы жәрдемақы, сақтандыру төлемі және жұмыс

берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем түріндегі бюджет қаражаты есебінен жинақталған арнаулы әлеуметтік төлем ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты жыл сайын өсетінін және зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін төленетінін де атап өтті.

– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін ай сайынғы зейнетақының мөлшері міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен де, міндетті зейнетақы жарналары есебінен де қалыптастырылады. Зейнетақы төлемінің мөлшері аталған екі жарнаны 6,5%-ға көбейту және 12-ге бөлу жолымен айқындалады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы төлемдері 5%-ға индекстелетін болады және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады, – деп түсіндірді Бекзат Бейсебеков.

Қырдағы науқанға қызу қамданыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол тыңайтқыштарды әкімдіктердің кепілдігімен бөліп беру мәселесі де Үкімет деңгейінде пысықталып жатыр. Биыл еліміз бойынша топыраққа 1,5 млн. тоннаға жуық тыңайтқыш енгізу жоспарланып отыр. Яғни, тыңайтқыштарды себуді 46 пайызға жеткізбек. Бұл дегеніміз, тұтас егіс алқабының жартысы. Ал, аймақтағы шаруалар 71,5 тоннаға жуық тыңайтқыш пайдаланбақ. Өткен жылы минералды тыңайтқыштар 405,0 мың гектарға енгізілсе, биыл бұл көрсеткіш 581 мың гектарға ұлғайған. Мемлекет басшысының өнім көлемін 2028 жылға қарай екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында тиісті индикаторлар барлық өңірлерге жеткізілді.

Үкімет отырысындағы ауыл шару-

ашылығы техникасының тозуы туралы мәселе де көтерілді. Қазіргі таңда жалпы техника паркінің тозуы шамамен 75 пайыздан асады екен. Осыған орай Премьер-министр отандық дикандардың жаңа техника сатып алуын жеңілдету керектігін қадап айтты. Бұл бағыттағы жұмыстар облысымызда жүйелі ұйымдастырылып келеді. Былтыр 15,8 млрд. теңгеге 931 түрлі техника сатып алынған. Қазіргі кезде 12 мыңға жуық доңғалақты және шынжыр табанды трактор, 1500-ға жуық астық, картоп және жемшөп жинайтын комбайн бар. Биыл да техника паркі жаңартылады. Ол «ҚазАгроҚаржы» АҚ несиеуе есебінен, сондай-ақ, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алу есебінен жүзеге асырылмақ. Бұл үшін облыстық бюджеттен 500 млн. теңге бөлінеді.

Қазір сол ауыл шаруашылығы техникаларын егіс жұмыстарына дайындап жатыр. Қырға 24 мыңға жуық техника шығады. Оның 9,8 мыңнан астамы – трактор, 231-і – заманауи егіс кешені және 4,1 мыңы – сепкіштер.

– Облыста 37 741 ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы бар. Оның 11 844-і – доңғалақты және шынжыр табанды трактор. Бұдан басқа, 407, 273 егіс кешені, 6 244 сепкіш, 3 181 трактор тіркемесі, 3400-ден астам топырақ өңдеу техникасы мен шөп шабу техникасы бар. Техниканы көктемгі егіске дайындау жұмыстарын аяқтап қалдық, – дейді Саят Қабиденұлы.

Дикандарды жеңілдетілген дизель отынымен қамтамасыз ету де – олардың қамсыз шаруа істеуіне жағдай туғызады. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев фермерлерге 340 мың тонна дизель отынын жеткізу кестесі бекітілгенін, бағаның былтырғыдай құнда қалғанын мәлімдеген болатын. Яғни, дикандар литрін 245 теңгеден, нарықтағы бағадан 15 пайызға арзан алады. Мұның ішінде өңірдегі көктемгі егіс жұмыстарына 17,4 мың тонна арзандатылған дизель бөлінген. Оператор – «Retail Trade Oil» ЖШС мен «Мұнай-Company» ЖШС. Дизель отыны, Қарағанды қаласы және Осакаров кентіндегі мұнай базасынан литрі 245 теңгеден беріліп жатыр. Бұл да болса, шаруалар үшін шарапат болып тұр. Әйтпесе, дизельдің бағасы шарықтап кеткен еді.

Үкімет бұл дизель отынын үлестіру барысын ерекше бақылауға алып отыр. Алыпсатарлыққа және қолдан тапшылық жасауға жол бермеу үшін.

Сонымен, көктемгі қырдағы науқанға шаруалар биыл ертемен қамданған. Өйткені, бұл жолы да шығынға ұшырағысы келмейді. Осылайша, астам астықпен қамбаны толтырғысы келген дикандар білек сыбана алқаптарына шықты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭНЕРГЕТИКА

Жылыту маусымын аяқтауға әлі ерте

Қарағандыда алдағы екі аптада ауа райы жылынады деп болжануда. Синоптиктер мәлімдеуінше, температура +14 градусқа дейін көтеріледі.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жылу электр орталықтары сыртқы ауа температурасына байланысты температуралық кесте бойынша жұмыс істейді. Жылу тасымалдағыштың температурасын күн сайын «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС компаниясының жылу желілерінің диспетчері береді. Деректер сыртқы ауа температурасының көрсеткіштері мен бекітілген температуралық кестеге сүйене отырып белгіленеді, – дейді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС.

ЖЭО-3-те көмірдің күнделікті шығыны – 11,5 мың тоннадан асады. ЖЭО-1-де шамамен – 2 000 тонна. Бұл сандар жылыту кезеңінде өзгермейді.

Көмірді тұтыну тек жылу энергиясын өндірумен байланысты емес, ЖЭО аралас режимде жұмыс істейді. Олар жылу және электр энергиясын өндіреді.

Қарағандыда жылыту маусымын аяқтауға әлі ерте. «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС компаниясының жылу желілерінің диспетчері береді. Деректер сыртқы ауа температурасының күрт көтерілуі туралы болжам болғанда ғана жылудың өшірілетінін айтады. Жылыту маусымын аяқтау туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Ержан БЕКЕТБАЕВ:

Қырдың қамы – елде, қамыты – бізде



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ветеринария – ауыл шаруашылығының жүрегі десек, жарасатындай. «Бұл салада орталық пен өңірлер арасында міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың арттыру мүмкін емес», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Мал дәрігерінің айтар уәжі мен жөн сілтеген нұсқауына тиісінше көңіл бөліңбесе, мұндағы әлеует те әлсірейді. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекция басшысы Ержан Мысырұлымен келелі әңгімеге желі тартып, көзқарас жаңалап алғанды жөн санадық...



– Қадірменді Ержан Мысырұлы, алдымен Сізбен ветеринария саласындағы қазіргі ахуал турасына тоқталсақ деп едік. Бүгінде аймақтағы эпизоотиялық жағдайды қалай бағамдайсыз? Қазақы қалыппен амандық сұрасар болсақ, мал-жан аман ба?

217 бас жануар мен 263,1 келі жануар өнімдері жойылып, мал иелеріне республикалық бюджеттен өтемақы өтелді.

– Мұнда қарым-қатынас ауаны қалай орбиді? Қарап отырсақ, шетін мәселелердің шеті оқтын-оқтын көрініп жататындай...

– Біздің басты міндет – бақылау және қадағалау. Оқыс оқиға тіркелсе, төрт түлік иесіне ескерту. Білесіз бе, қызмет бабында мал

– Аман-есен. Рахмет! Бұл сала үнемі қадағалауды талап етеді. Бастабында мен сізге заң аясында ресми атқарар ісіміз хақында аз-кем баяндап өткенді құп көрудемін. Азырақ «көңілсіз» көрінуі бек мүмкін. Ә, бәлкім, ол да керек дейміз. Сонымен! Негізгі атқаратын қызметіміз Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 3-бабымен айқындалған. Яғни, жануарларды түрлі ауру атаулысынан қорғау мен емдеу, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан сақтандыру, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қажетті препараттардың, жемшөп пен түрлі қоспалар қауіпсіздігі мен сапасын бақылау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану, аталған салада кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыруға келіп саяды.


Ал, облыстағы эпизоотиялық ахуал тұрақты деп бағамдарлық. Бүгінде өңір аумағында жылқының эпизоотиялық лимфангит ауруы бойынша 2 қолайсыз ошағында сауықтыру жұмыстары жүргізілуде. Былтыр қолайсыз ошақ саны көбірек болған еді...

Осы тұста отандық биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты лимфангит сынды жазылмас дертке қарсы вакцина әзірлеуде. Қазір эксперименталды сынама жұмыстары мен тіркеу рәсімдері іске асуда. Бұл – тұтас ветеринария саласы үшін айтулы жаңалық!

– Сарыарқаның сайын даласында қоздырғыш вирусты төрт түлік аурулары бар дегенге әсте сенгіміз келмей тұрғаны...

– Мына нәрсені ескерген абзал. Өңір тоғыз жолдың торабында орналасқан. Транзиттік орталық болған соң шығыспен де, батыспен де тасымал әлеуеті артқан сайын бұдан ада қалмайтынмызды мойындап қойғанымыз әрі сақ болғанымыз алдымен өзімізге пайдалы. Иә, әредік ірі қара малдан туберкулез, бруцеллез, құтыру, карасан, сібір жарасы сынды кесел түрлері кезігіп жатса, үй құстарынан ньюкасл дерті анықталып жатады. Біз тізбектеген аурудың атынан қорқып әсте керек емес. Бастысы, дер шағында анықтап, көзін жою. Аса қауіпті кесел ошақтарында өткен жылы

Ветеринария – ауыл шаруашылығының жүрегі



исімен қарым-қатынас барысында әлдебір редуционизмге тап болып жатамыз. Яғни, «малым өлсе, өтемін үкімет төлейді» деген біржақты негізсіз көзқарас ұстанғысы келетін кісі қарасы көбеймесе, азаймады. Ал, шындап келгенде, бағмындағы малына иесінің өзі тікелей жауапты! Осыны ойдың да, қырдың да шаруасы ұмытпаса керек-ті. Ал, «ұмытқан» болса, жауапкершілік арқалайды. Мәселен, бақылау және қадағалау жүргізу нәтижесінде аумақтық инспекция тарапынан, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 406-бабына сәйкес, заңбұзушылықтарға 21 млн. теңгеге 301 айыппұл салынып, 50 ескерту мен 2419 тиісті нұсқама берілді. 2024 жыл басынан 3,3 млн. теңгеге 52 айыппұл салынып, 6 ескерту мен 27 нұсқама берілді. Модерн гасырында тіршілік етіп жатырмыз. Жақсы тусы табан астындағы тірлікті есеп-қисап қалыбынан тез-ақ өткіземіз. Кері жағы да бар. Адамдарды әлдебір бойкүйездік дендегендей. «Не болса да, өздігінен шешіле салады» деген кейіптегі көзқарас. Жок! Малына да, жанына да алдымен адам өзі жауапты.

– Жануарлар арасында эпизоотияның немесе аурудың өршуінің алдын алу үшін қандай ауқымды шаралар іске асады?

– Біз облыс аумағында жануарлардың денсаулығын мониторингтеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп, вакцинация және диагностикалық шараларға бақылау жасаймыз. Сондай-ақ, жануарлардың қозғалысын бақылау және сақтық шаралары туралы халықты оқыту – маңызды аспект. Күнделікті жұмысымыз көзге көрінбегенімен, өмірлік мәні жоғары тірлік бұл. Төрт түлікті сыргалау, танбалау, тізімдеу, жай-күйіне ұдайы бақылау жасау, сандық технологияның кең мүмкіншілігін қыр өміріне бейімдеу, түрлі сырқаттан қорғану шараларын күшейту сынды денгейлі ілкімді істерді ілгерілетеміз. Жануарлар арасында жұқпалы аурулардың тіркелу себептері көбінесе мал иелері тарапынан ветеринариялық-санитариялық талаптарды және заңмен белгіленген міндеттерінің сақтамауынан туып-

дап жатады. Атап айтқанда, жаңадан туған төлді ветеринариялық ұйымдарға хабарламау, яки, оны бірдейлендіруден өткізбеу. Мал тасымалы (сатып алғаны, не сатқаны) жөнінде уақытылы ветеринар маманға ескертпеу. Кейбір жағдайда ветеринариялық анықтамасыз тасымалдау жайттары анықталуда. Жыл сайынғы Үкімет тарапынан тегін жоспарланған көктемгі-күзгі ветеринариялық профилактикалық шараларды уақытылы жүргізу. Жоғарыда айтқандай, аурудың кең таралып кетуіне ауыл шаруашылығы жануарларының иелерінің де кінәсі бар. Егер малдың ауырғанын немесе ауырып өлгенін уақытылы ветеринария саласындағы қызметкерлерге хабарласа, жұқпалы ауру атаулысын уақытылы анықтап, емін жүргізіп, басқа жануарларға таралуының алдын алуға және жылдам сол ауру тіркелген ошақты сауықтыруға болады. Осы бағытта Эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында осы жылға жануарлардың аса қауіпті ауруларының 14 түріне қарсы 7,3 млн. профилактикалық және 15 түрлі ауруға 1,5 млн. биологиялық сынамалар (қан сынамалары, патологиялық материалдар), зерттелу жоспарланды.

– Өңірде мал қорымдарының жай-күйі қалай?

– Еске салғаныңыз жақсы болды. Жалпы, эпизоотиялық ахуалдың тұрақтылығын сақтау мақсатында мал өлекселерін жергілікті атқарушы органдары тарапынан айқындалған арнайы орындарда ұтымды маңызды рөл атқарады. Облыста 105 мал қорымы бар, оның 42-і типтік, 63-і қарапайым. Қосымша 18 инсинератор бар, оның 4-і жылжымалы. Жыл сайын типтік мал қорымдарын күтіп-ұстауға облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлініп отырады.

– Тамаша. Жұмысты сандық форматқа ауыстыру өзекті. Бұл бағытта недей жаңашылдық бар?

– Үкімет тарапынан бірдейлендіру бағытында цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні мал иелері бірдейленген мал бастарын өздері «ТөртТүлік» мобильді қосымшасы арқылы көре алады. Бұл бағдарламаның ыңғайлы жағы мал иесі ветеринар маманына жүгінбей-ақ, көптеген процедураларды өздігінен іске асыра алады. Соның ішінде, жануарлар санын қарау, жануарлардың төлдері мен импорттық іс-шаралар бойынша тіркеу, жануарларды онлайн сату/сатып алу, өз қажетіне сою себебімен тіркеуден шығару, ветеринариялық паспорт алу, «сыргалар» жоғалған не бүлінген жағдайда оны ауыстыру, ауыл шаруашылығы жануарлары мен иелері туралы мәліметті түзету. Қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге ықпалын тигізеді, әрбір жануарлардың иелері (ШҚ, ЖШС т.б.) өз жануарларына түгендеу жүргізе алады. Сонымен қатар, ветеринар мамандар тарапынан жүргізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың уақытылы жүргізілуін бақылай алады. Бағдарламаны «Android Play market» арқылы жүктеп алуға болады. Бағдарламада соңғы салалық жаңалықтар, алдағы етулер туралы қажет мағлұматтар бар. Бүгінгі күнге облыс бойынша бағдарламаға 2 239 мал иелері тіркеліп, өздеріне керекті қызметтерді алуға.

– Келелі әңгіме мен пайдалы ақпарат ұсынғаныңыз үшін рахмет. Сізге және әріптестеріңізге аймақтағы төрт түлік саулығын қадағалаудағы шапағатты істеріңізде сәттілік тілейміз!

– Салаға лайықты назар аударғаныңыз үшін алғыс. Бұқара ақпарат тетігі арқылы соны қаламдарымыз жайлы өзекті мәліметке қалаған сәтінде қол жеткізе алады деген сенім білдіреміз! Ал, біз өз тарапымыздан аймақтағы эпизоотиялық қауіпсіздікті сақтау үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тырысамыз.

Сұхбаттасқан: **Ержанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**, «Ortalyq Qazaqstan»

Сурет ұйымдастырушылардан



TortTulik – тұрмысқа тірек

Ауыл шаруашылығы, көптеген басқа салалар сияқты цифрлық революцияны бастан кешуде. Мобильді қосымшалар фермерлер мен агрономдар үшін таптырмас құралға айналды. Бұл іргелі саладағы соны мүмкіндіктер үдерістерді оңтайландыру және өнімділікті едәуір арттырды.

Ержанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіп кешеніндегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірлесіп әзірленген Ауыл шаруашылығы жануарлары иелеріне арналған мобильді қосымшасы қанатқақты режимде іске қосылған еді. Қосымша смартфонда онлайн әрі offline режимінде қосыла беріледі. Фаламтор желісі қалпына келгенде өзгертілген деректер қоры жаңарды.

Мұндай мобильді бағдарлама малды бақылау және басқарудың заманауи оңтайлы құралдарын ұсынады. Тиімді web-тетіктер жануарлардың денсаулығын, тамақтануын бақылауға, жайылымдарды ұтымды пайдалануға кең мүмкіншілік береді. Осы кейіпті smart қосымшалардың арқасында фермерлер өз малдарының өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарты алады.

– Қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге көмектеседі, әрбір жануар иесі, мәселен, шаруа қожалығы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болсын, қарамағындағы малына түгендеу жүргізе алады. Осының арқасында ветеринарлардың профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық көлемде жүргізуге септігі тиеді, – деп хабарлады Ветеринариялық бақылау комитетінің өкілдері.

Сондай-ақ, TortTulik арқылы ветеринарлық толқуат алуға, жоғалған кезде теттерді ауыстыруға, сойылған малды есептен шығаруға, жануарды бір әкімшілік округ ішінде сатуға және болашақта облыстар арасында мал сатып алу-сату рәсімдерін жасауға болады. Ал, салалық комитет болашақта TortTulik ауыл тұрғындары үшін ақпараттық хабқа айналатынын да атап өтті. Қосымшада саланың ақпараттық бюллетені мүмкіндіктері, алдағы вакцинация туралы хабарламалар және өзге де көптеген жаңашылдық бар. Әзірге TortTulik-ті Android жүйесіндегі Playmarket-тен жүктеуге болады, кейінірек әзірлеушілер қосымшаны IOS платформасына да бейімдеуді көздейді. Болжалды деректерге сүйенер болсақ, мобильді бағдарламаның әлеуетті пайдаланушылары бүкіл ел бойынша 1,5 млн. мал иесін құрамақ. Қосымша жаңартылған сайын ет сатып алушыларға арналған бөлім енгізіледі. «Sogym.kz» қосымшасында қазақстандықтар жануардың ветеринариялық бақылауынан өткен бағанға тікелей ауыл шаруашылығы өндірушісінен тапсырыс бере алады.

Осы сынды бірегей мобильді қосымшалар ауыл шаруашылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Фермерлер қауымын қолда бар ресурстарды басқаруды жақсарту, өнімділікті арттыру және тәуекелдерді азайту web-құралдарымен қамтамасыз етеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылық процесстері тиімдірек болады, ал, фермерлердің өздері ауыл шаруашылығын дамыту мен жетілдіруге ықпал ететін жана технологиялар мен білімге қол жеткізе алады.





МӘМС мақсатына жетті ме?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне айтылар сын азайған жоқ. Мәселе жыл басынан бері, тіпті, ұшығып кетті. МӘМС жарнасын бес есе арттыру, темекі тартып, арақ ішетіндерге жарна көлемін көбейту, сақтандырылмағандарды автокөлік жүргізу құқынан шектеу сияқты түрлі ұсыныстар айтылуда. Қалай десе де, жүйеге халықтың көңілі толмайтыны рас. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұны Үкіметке ескертін, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды қатаң бақылауға алуы тапсырды. Өткен айда болған Үкіметтің кеңейтілген отырысында МӘМС-тің іске қосылғанына бес жыл болғанын еске салған Президент: «Алайда, медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды», – деді. Сол уақытта: «Бұдан бөлек, қол жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс», – деп, нақты тапсырма берді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес»

Қасым-Жомарт Тоқаев сол отырыста қазір мемлекет бюджетінің жартысынан көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатқанын, соңғы жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылғанын да тілге тиек етті. «Әлеуметтік сала мамандарының, әсіресе, педиатрлар мен медицина қызметкерлерінің беделін арттыруға баса мән берілді. Енді азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту қажет. Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына қатысты мәселе. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда, медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес», – деп атап өтті.

Мемлекет басшысының пікірінше, елімізде медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыру қажет, ол мемлекет кепілдік берген базалық бөліктен және жұмыс берушілер мен азаматтардың аударымдары есебінен қалыптастырылатын сақтандыру бөлігінен тұратын болады. «Бұдан басқа, халықтың осал топтарының жекелеген санаттары үшін МӘМС-ке аударымдар жергілікті атқарушы органның бюджетінен жүргізілуі тиіс», – деп атап өтті Президент.

МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған пациент тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі тізбесіне кіретін қызметтерді алады. Атап айтқанда, жедел жәрдем, алғашқы медициналық-санитарлық көмек, туберкулезді оңалту, паллиативтік көмек, трансплантация, шетелде емдеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ, созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу кезінде стационардағы медициналық көмекті науқас мәртебесіне қарамастан алады. Ал, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне консультациялық-диагностикалық көмек, оның ішінде, қымбат зертханалық қызметтер, ТМККК-дан тыс амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кіреді.

Жүйе, шынымен, нәтижесіз бе?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың артықшылығы деп, жаңа технологияларды қолданысқа енгізу мүмкіндігінің артқанын айтуға болар. Науқастар әдеттегі медициналық көмектен бөлек, айтарлықтай қымбат тұратын қызметті де алады.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру статистикасына сүйенсек, МӘМС үлесі үнемі өсіп келеді. Егер 2020 жылы медициналық көмекке жұмсалатын шығыстың 32,4%-ы осы жүйеден бөлінсе, өткен жылғы көрсеткіш бойынша ол 43,7%-ға жетіп, 1,1 трлн. теңгеге дейін өсті. Қордың ресми дерегіне, былтыр МӘМС төлемдерінің негізгі бөлігі стационарлық көмекке (37,3%) және консультациялық-диагностикалық қызметтерге (26,9%) бағытталған.

Бұл ретте МӘМС жүйесінің жинақтаушы емес, бірақ, ынтымақтастық қағидаты бойынша жұмыс істейтінін ойға алған дұрыс. Медициналық көмекке жүгінбейтін азаматтардың жарналары жоғалып кетпейді, қайтарылмайды, бірақ, емделуге мұқтаж басқа пациенттерге қайта бөлінеді. Бұл, әсіресе, құны 1 млн. теңгеден 40 млн. теңгеге дейінгі қымбат тұратын медициналық көмек көрсету, айрықша технологияларды қолдану кезінде өте маңызды. Мәселен, экстракорпоральді ұрықтандыруға бөлінген квота «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында жеті есе ұлғайғаны мәлім. Жамбас буынын ауыстыру немесе жүрек қан тамырларына стент қою 1,5 млн. теңгеден басталады. Трансплантациялық операциялардың құны 10 млн. теңгеден асып жығылады. Мұндай соманы халықтың бәрін қалтасы көтере береді деу қиын. Ал, жүйедегі адам бұл көмекті тегін алады. Жарналар мен аударымдардың мөлшеремесі жұмыс істейтін барлық халыққа ортақ. Бірыңғай қордағы қаражатты салымшылардың жеке шотына бөлсе, бұл сома жинақталмайтыны анық. Бұл тұрғыда жүйедегі қаражаттың нақты медициналық көмекке мұқтаж

науқасқа септігі мол. Десе де, Президент айтқандай, қатаң бақылаудың қажеттігі рас. Жүйенің ендігі реформасы жаңа министрдің мойнында.

Жаңа министрдің ескі жүгі

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарарова наурыз айының басында өңірге келген жұмыс сапары барысында да осы мәселені қозғайды. Халықпен кездесу кезінде емханадағы кезек, терапевт пен бейінді мамандарға барудың қиындығы сөз болған еді. Сонда Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарарова жүйені толығымен реформалау керектігін айтқан болатын.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселесі – өзекті, халықтан шағым көп. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС пакетінің аражігін ажырату керектігін Президенттің өзі ескертті. Оған талдау жасап жатырмыз. Консультациялық-диагностикалық көмек беруді қаржыландыру 11 есе, оңалту қызметімен қамту 7 есе, дәрімен қамтуға да бөлінген қаражат бірнеше есе өскенімен, медициналық көмек әлі де қолжетімсіз. Бұл жерде бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану көрінісі байқалады. Бірінші жартыжылдық соңына дейін бұл мәселені шешеміз. Үнемделген қаражат есебінен медициналық қызмет тарифін көтереміз», – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Министрдің айтуынша, бүгінде мемлекет 20 млн. халықтың 11 млн.-ы үшін сақтандыру жарнасын төлеп отыр.

Бұл – 18 жасқа дейінгі балалар мен 63 жастан асқандар. Экономикалық белсенді 4,5 млн. адам аударым жасап отыр. 3 миллионға жуық адам сақтандыру жүйе-

дерін де жоққа шығаруға болмас. Мәселен, жақында ғана әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары елордалық жеке клиниканың 16 мың адамды өзіне заңсыз тіркеп, солардың есебінен 100 млн. теңгеден асатын қызметке ақша алғаны анықталған. Сондықтан, реформа жан-жақты жүргізілуі тиіс.

Реформа неден басталуы керек?

«Жүйені реформалау үшін бірінші кезекте барлық процестерді ақпараттық сүйемелдеу (цифрландыру) талаптарына сәйкес келтіру қажет», деп санайды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Қонобаев.

Ауру статистикасынан бастап, көлемді жоспарлау, мониторинг және көрсетілген көмек үшін ақы төлеу, барлығы цифрландырылуы керек. Медициналық қызметтің қандай да бір түрін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің бір

– «төмен» десе, 20%-ға жуығы – «қанағаттанарлық» деп есептейді. Сонымен қатар, 15% медициналық қызметтің қолжетімділігін – «жоғары», 30%-ы – «төмен» және қалғандары «орташа» деп бағалаған. Зерттеу жүргізген сарапшылар халықтың жарнаын міндетті емес ерікті негізде аударуға ынталандыру қажеттігін алға тартады. Сонымен бірге, жеке медициналық ұйымдарға жүгінген кезде адамдарға МӘМС шеңберінде өз жинақтарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажеттілігі де айтылды. Бастысы, ашықтық қажет.

Депутаттар не дейді?

МӘМС жүйесіне ашықтық қажет екенін депутаттар да айтып келеді. Мәселен, Парламент депутаты Ержан Бейсенбаев «Жүйедегі әр адамның жарналарын өз бетінше билік етуге құқығы болуға тиіс» дейді.

Ақиқатында, бұл, сақтандыру емес, салықтың қосымша түрі. Бірақ, салықтарды ашық түрде пайдалану керек, ал,



Облыста 940 701 адам сақтандырылған, 194 347 адам сақтандыру жүйесінде жоқ.



есінен тыс қалған. Оларды тарту – негізгі жұмыс. Ал, мүлдем төлей алмайтындарды Мемлекет басшысының тапсырмасымен жергілікті билік есебінен сақтандыру мәселесі қаралып жатыр. Бірнеше жерде жұмыс істейтін адамдардың жарнаын бір рет қана төлеуі, еңбек демалысы кезінде жүйеден шығып қалатын жағдайлар да ескеріледі, – деді Ақмарал Әлнарарова.

Жаңа министр қазіргі таңда Денсаулық сақтау министрлігі алдындағы басты міндеттің бірі – қаржыны пайдаланудың тиімділігін арттыру әрі халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттану деңгейін көтеру екенін айтты. Бұл мақсатта қор қаражатының орынды жұмсалуы қатаң қадағаланатынын да жеткізді. Олай етпейінше, сапа да, нәтиже де болмайтыны сөзсіз. Осы ретте жемқорлық тәуекел-

бөлігін қайта қарастыру қажет. Медициналық ұйымдағы менеджменттің сапасына ерекше назар аудару, медициналық мекемелердің негізгі қызметкерлері технологиялық процесті ұйымдастыру мәселелеріне баса мән беруі керек. Қаржыландыруды қажет ететін басым бағыттарды анықтап алған дұрыс, – дейді ол.

«Әділдік және Өркендеу» қоғамдық қорының жүргізген әлеуметтік мониторинг сауалнамасының алдын ала дерегі бойынша қазақстандықтардың көпшілігінің МӘМС жүйесіне көңілі толмайды. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы сақтандырылған болса да, жеке клиникалар қызметіне жүгінеді екен. Тек 35%-ы – МӘМС пакетін алады. Жауап бергендердің 25%-ы – жүйенің сапасын «жақсы» деп санайды, 45%-дан астамы

МӘМС қорының жұмысы – бұл бір үлкен жұмбақ және бір үлкен түбі жоқ «қара тесік», – дейді мәжілісмен. Ол Мемлекет басшысының медициналық сақтандыру жүйесін реформалауға қатысты тапсырмаларын іске асыру кезінде «Ақ жол» фракциясының ұсыныстарын айтты. Оның ішінде, МӘМС төлемдерін арттырудан бас тарту, медициналық сақтандыру жүйесін монополиясыздандыру және осы салада нарықтық және бәсекелестік тетіктерді енгізу, азаматтардың сақтандыру ұйымдарындағы шоттарын ашықтық пен еріктілік негізінде дербестендіру бар. Сонымен бірге, әрбір нақты азаматтың денсаулық жағдайы мен өмір салтына байланысты сақтандыру сыйлықақыларын төлеу сомаларын айқындау әдістемесін әзірлеу қажеттігін айтады. Депутат Асхат Аймағамбетов те Үкімет басшысына МӘМС жүйесіне қатысты ұсыныстарын жеткізді. Ол – «Мұнда және қазір» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелердің бытыраңқылығы және медицина қызметкерлерінің артық жүктемесі. Депутат дәрігерлер пациентті тексерудің орнына олардың деректерін әртүрлі ақпараттық жүйелерге енгізуге және формулярларды толтыруға мәжбүр екендігін айта, салымшының мәртебесінің сақталуы, сондай-ақ, қор қызметінің ашықтығына қатысты ойларын білдірді.

Азаматтар қанша қаражат түскенін, қайда және қандай максаттарға бағытталғанын білуді тиіс. Қордың қызметі туралы түсінікті және қолжетімді ақпарат оның жұмысына ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл жүйеге оң әсер етеді. Барлық аталған проблемалар азаматтар арасындағы наразылыққа алып келеді. Сондықтан, Үкіметке жағдайды түзетуге бағытталған шаралар кешенін қысқа мерзімде қабылдау ұсынылады, – дейді депутат.

Тіпті, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен бас тарту туралы да айтылды. Алайда, бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният та, жаңа министр Ақмарал Әлнарарова да қордан бас тартуға болмайтынын айтады.

«Бізге мұндай қор керек»

Мен қордың таратылуын қолдамаймын, бізге мұндай қор керек, – деген еді Ақмарал Әлнарарова Сенат қулауында журналистер сұрағына жауап беріп. Жалпы алғанда, медициналық сақтандыру жүйесі тұрақты жүйелердің бірі саналады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, бұл өте сәтті жүйе болуға тиіс. Егер біз бір жерде дұрыс жасамаған болсақ, бұл

керек болады. Алайда, мемлекетте ондай қаражат бар ма?

Алдымен, медициналық сақтандыру жүйесін алып тастау қандай салдарға әкелетінін ойлану керек, – дейді Фазыл Қонобаев. – Медициналық сақтандыру қаражаты есебінен салаға қосымша қаражат түседі. Денсаулық сақтау саласындағы қаржыландырудың жеткіліксіздігі зерттеулердің бір бөлігін, әсіресе, қымбат тұратын (КТ/МРТ, кейбір зертханалық зерттеулер), науқас медициналық сақтандыруды енгізгенге дейін төлегендей, өз қалтасынан төлейді. Медициналық ұйымдардың өз мамандарын біліктілігін арттыруға уақытылы жіберу, жаңа технологияларды енгізу, медициналық жабықтарды шығын материалдарды және басқа да қажеттіліктерді дег кезінде қамту мүмкіндігі аз. Тіпті, бұл жоспарлы түрде ауруханаға жатқызу, оталарды ұзақ күтуге және көрсетілетін медициналық көмектің сапасын төмендетуге әкеледі. Сол себепті, шешім қабылдас бұрын бәрін мұқият ойлану керек. Сонымен қатар, біздің еліміздегі жарналар мен аударымдардың пайызы төмен. Сақтанушы мәртебесіне ие бола отырып, бізден медициналық көмектің кез келген түрін, оның құны мен ай сайынғы жарналар сомасына қарамастан тегін алуға болады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облысы бойынша филиалының дерегіне, қаржыландыру жыл санап өсіп жатыр. Егер 2020 жылы облысымыздың денсаулық сақтау саласына 114 млрд. теңге бөлінген болса, 2024 жылға бұл сома 153,9 млрд. теңгеге жетті. Бұл емделген науқастардың қатары көбеюіне ықпал етеді. Облыста жүрекке, миға, омыртқаға жоғары технологиялар көмегімен жасалған оталар санының өскені байқалады. 2020 жылы 265 жоғары технологиялық ота жасалса, былтыр – 645.

Түйін

Халық ашықтық принципі талап етеді. Республика бойынша МӘМС жүйесіндегі аударымдар мен жарналардың көлемі – 223 416 804 057 теңге. Өрине, мұндай қаражаттың сұрауы болады.

Мереке қарсаңында министрлікте жүйеде жарналарды төлеуде салық төлеушілердің барлық топтары бірдей тиімді мөлшерлеме бойынша төлейтін нақты жалпақ шкалага көшу ұсынылды. Ол әділдікті көздейді. Басын ауырғанда алған көмегің төлеген ақыңа пара-пар болса, бұлай ішің ашымас еді.

Суретті түсірген Жангәлі ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлт мәйегін ұлықтаған орталық

Артық айтқанымыз емес, Қарағанды – мәдениеттің алтын аймағына айналып тұр. Республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі түрлі мәдени іс-шаралар Арқа жерінде абыроймен өтіп жүр. Бірақ, біздің айтпағымыз басқа. Жылына жүздеген рухани кеш өткізіп жүрген орталық бар. Олардың таудай еңбегі көбіне көрінбей, тасада қалып жатады. Шындап келгенде, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы үлкен жүк арқалап жүргенін ел-жұрт біле бермейді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарайтын бұл орталық түрлі мәдени кеш өткізгеннен бөлек, ән-күйлерді таспаға басады, ақындардың өлеңдерін жинақтап, қағазға түсіріп, кітап қылып шығарады. Мұның өзі ілімді ізденісті, қажырлы еңбекті қажет етеді. Бір жылда облыстық, республикалық, тіпті, халықаралық деңгейде 26 фестивальді ұйымдастыру, оның біріне-бірі ұқсамауы үшін іздену, ол осы орталықтың қолынан келеді.

Тіпті, орталық ұйымдастыратын мәдени кештер дәстүрге айналып та үлгерді. Үзбей, жылдағыдан ерекше етіп ұйымдастыру – осы ұжымның жауапкершілігінде. Бұл мәдени орталық жауапкершіліктің үдесінен үнемі шығып келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін тоқтала кетелік, күні кеше өткен облыстық Мартбек Тоқмырза атындағы «Жымыясың сен неге?» атты әзілкештер фестиваль-байқауы үзілмей, өтіп келе жатқалы қашан. Жыл соңында өтетін Мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Төшенов атындағы жылдың үздіктеріне, ақын-жазушыларына, қоғам белсенділеріне табысталатын бұл сыйлық Арқа мәдениетінің ажырамас бір бөлігіне айналып келеді.

«Армысың, өз Наурыз!» атты облыстық жас ақындар айтысын Қарағанды жұрты күтеді. «Бұқарекен жырлайды» дәстүрлі ақын-жыршылар сайысының да өз орны бар. «Сарыарқаның жана есімдері» облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы

ның байқауы арқылы жаңа таланттарға жол ашып келеді. Дәстүрге айналған «Сарыарқа әуендері» атты тағы бір байқау арқылы қазылар алқасы жер-жерді аралап, көркемөнерпаздар ұжымдарының қатысуымен тақырыптық театрландырылған концерттік бағдарламалардың күзсі болып жүр. Бұл арқылы ұлттық мұраны сақтап қалуды, мәдени ұжымдардың шеберлігін шыңдауды көздейді.

Жоғарыда жаза кеткеніміздей, орталықтың баспа ісіндегі бастамаларын да ауыз толтырып айтуға болады. Мағауия Хамзиннің «Күмбір-күмбір күй төккен, күйден күмбез тұрғызған» атты күйлер жинағы, композитор Төрбек Құтжановтың «Сағым күндер» атты ән таспасы, Ержан Базарбековтің «Арқа аруы» және «Тау ішіндесі», Саят Әбдіғалидың «Бауырым әнім» таспасы, Жақсыкелді Кемаловтың «Айбозым», «Домбыра досым» атты қос ән жинағы, Құрмаш Ыбышевтің «Дарига-ай, сол қызы», Дәуренбек Әрқеновтің «Сырнайым – сазды сырласым», Ғалым Мұхамеддиннің «Алтын кесесі» секілді бірнеше әнші-күйшінің таспаларын басып шығарған орталықтың бұл еңбектері тарихта сөзсіз қалады. Бұл бағыттағы жұмыстар да әрі қарай жалғасып келеді. Былтыр әнші-композитор Амангелді Ахметжановтың «Сарыарқа таланттары» жобасы аясында жарық көрген «Айналайын» атты әндер жинағының тұсауы кесілген еді. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы академиялық қазақ ұлт аспаптар оркестрінің домбырашысы, педагог Сәлім Ізтөлеуовтің музыкалық ұжымдарға арналған «Шыңырау»

жинағы шығарылды. Міне, осы секілді із боп қалатын, ел кәдесіне жарайтын құндылықтарды дәріптейді орталық ұжымы.

Әрбір өткізетін кештің сценарийі, онда өнер көрсететін өнерпаздар, сахнаның безендірілуі, концерттің тізімі, оларды күтіп алып, шығарып салу, жоспарланған нөмірдің жарасымды шығуы, сахналық киімге дейін жауап беретін де – бір өзі орталық. Айрандай ұйыған ұжым бұл міндеттердің бәрін мінсіз атқарып жүр. Әсіресе, орталықтың былтырғы ұйымдастырған мәдени кештері елдің аузында әлі жүр.

Атап айтатын болсақ, Балқаш қаласындағы Ақшағыл кентінде (Рембаза) Көкше теңіздің жағалауындағы «Балқаш Tourfest – 2023» фестивалі елдің есінде ерекше сәтімнен қалды. Жағажайдағы екі күнге жалғасқан жайдарлы сәт туризмнің тынысын аша түсті десе де болады. Осы бір ауқымды іс-шараның жинақы өтуінде де орталықтың орасан еңбегі бар.

Одан кейінгі ол – «Ортеке» облыстық фестивалі. Қазақтың төлтума өнерінің барлығын қамтыған фестивальге барлық қала-аудан қатысты. Қалыс қалған ешкім жоқ. Айтпақшы, орталық бытыр Кеншілер мәдениет сарайының кәде залында Түркі халықтарының этникалық тарихы мен мәдени мұрасы бойынша білімді дәріптеу мақсатында «Ортеке» шеберлері мен орындаушыларының қатысуымен облыстық семинар-практикум өткізген еді. Ұлы мәдениеттің көрінісі ұлықталған мұндай мәдени кешті биыл да өткізуге ниетті. Орталықтың басшысы Индира Қанафина «Ортеке» фестивалін халықаралық деңгейде өткіземіз деп отыр.

Бүлдіршілерді де назардан қалдырмай келеді. Оларға арналған бірнеше фестиваль мен мерекелік кеш ұйымдастырады. Мәселен, дәстүрлі түрде өтіп жүрген «Еркетай» облыстық фестивалінде балабақшалар мен балалар үйлерінің 3 пен 7 жас ара-



лығындағы тәрбиеленушілері өз өнерлерін көрсетеді. 7 жастан 14 жасқа дейінгі балалар үшін вокалдык, би жанрларында, бейнесу өнері мен көркем сөз оқуда шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін «Жаңа есімдер» облыстық байқауы да бар. Мұнымен қоса, «Керемет» балалар іс-шараның жинақы өтуінде де орталықтың орасан еңбегі бар.

Түрлі семинар, тренинг, шеберлік сағаттарын өткізу де орталықтың басты міндетіне кіреді. Иә, одан нәтиже де бар. Мәселен, аудан, ауылдағы мәдениет үйінің қызметкерлері үшін «Балалар мен жасөспірімдерді бос уақытын ұйымдастыру мәселелері» атты облыстық семинар ұйымдастырған еді. Орайы келгенде атап өтуіміз қажет, орталық ауылдағы мәдениет үйлерін үнемі назарында ұстайды. Музыкалық аспаптардың бар-жоғын, сахналық киім қорын түгендеп отырады. Бұған жауапты ұжым мүшелері табан тоздырып, жер-жерді аралап,

жоғарыдағы мәселемен айналысады. Яғни, ауылдағы клубтардың қамымен де жүгіреді. Бірнеше мәдени қызметкерлердің бұл жиыннан алған білім-тәжірибесі кәдеге жарап отыр. «Жастар аудиториясымен жұмыс істеудің заманауи үрдістері» атты орталық ұйытқы болған семинар да көптеген жасөспірімге септігін тигізді.

Ұлы тұлғалардың, өнер және мәдениет қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың мерейтойын, мұнымен қоса аудан-қалалардың атаулы жылдарын атаусыз қалдырмайтын да – осы ұжым. Мұнымен қоса, басқа мерекелік күндерді атап өтіп жатады. Соларға негізделген барлық мерекелік бағдарламалардың басынан аяғына дейін ұжым қызметкерлері жүреді.

Орталық құрамына әкімшілік, халық шығармашылығы бөлімі, мәдени-сауық жұмыстарын ұйымдастыру, мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру, кіші қызмет көрсету персоналы, мониторинг, талдау және әдістемелік жұмыс секілді бөлімдері және «Қуаныш» балалар үлгілі хореографиялық ансамблі кіреді. Ансамбльдің атағы алысқа жеткен. Бірнеше әлемдік сахналарда өнер көрсетіп, бақ-жұлдыздары биіктен жарқырап келеді. Мұ-

нымен қоса, орталықтың жанында Айтты ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының облыстық филиалы да жемісті жұмыс істеуде. «Зерде» жылжымалы мәдени-сауық кешенінің де атқарып жүрген миссиясы үлкен. Ел мен жерді аралап, концерттер ұйымдастырады.

Осындай үлкен жүк арқалаған орталық сәйкесінше қолдауды да қажет етеді. Бұл мекеме Кеншілер мәдениет сарайы ғимаратының 210 шаршы метр аумағын (үш кабинет пен бір киім бөлмесі) паналап отыр. Сахнасы жарық, дыбыс, бейне жабықтарымен толық қамтамасыз етілген, дыбыс жазу студиясы мен арнайы костюм бөлмесі бар жеке ғимарат болса дейді. Тіпті, қаражатты сыртқа шығармай, өз ішінде шағын баспахана ашып алу ойлары бар.

Таудай еңбек етіп жүрген ұжымның талап-тілегі бүгін-ертең орындала қоймайтынын және білеміз. Біздікі ұйысқан ұжымның көпшіліктің көзіне көріне бермейтін еңбегіне ел-жұрт қанық болса деген ой. Олай болса, орталықтың еңбегі елден деген біздің тараптан ләзиз болсын.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Уағыз дұрыс айтылса...

Әлеуметтік желілерде: «ҚМДБ «Уағыз-насихат айтудың әдеби мен мәдениеті» тұғырнамасын қабылдады» – деп хабарлап жатыр. «Бұл құжаттың мақсаты – ҚМДБ-ға қарасты мешіттерде уағыз-насихат жұмыстарының бірізділігін қамтамасыз ету, дін қызметкерлеріне діннің құндылықтарын дұрыс бағытта дәріптеу үшін бағыт-бағдар беру, уағыз-насихат айтудың методикасына назар аудару және дін уағыз-насихаттың моделін қалыптастыру», – депті аталмыш ақпаратта. Дұрыс-ақ екен. Шыны айтсақ, осы уағыз мәселесі қоғамдағы интеллектуалды топтар арасында біраз жылдардан бері көтеріліп келе жатқанын білеміз. Оған не себеп?



Ең бірінші себеп, уағыз арқылы ел ішінде теріс дін ағымдардың насихатталуы. Жоғарыдағы тұғырнаманың қабылдануына да осы мәселе түрткі болса керек.

Екіншісі, өзіміз күнде күз болып жүрген жайт. Өмірінде бір кітапты бастан-аяқ оқып шықпаған шала сауатты, араб әліпбиі түгелі, кириллицаны ежелеп оқитын кейбір адамдар ойына келгенін сапырып, қалың елдің алдында уағыз айтып тұрады. Осыны тыңдап отырып, өзің ұяласың.

Сондай-ақ, ораза, құрбан айты уақытында дұға оқитын молда жетіспей қалады да, кей үйлер медреседе оқитын жас балаларды шақырып әкеліп оқытады. Өлгі

балалар да отыра салып, бірден уағыз айтуға кіріседі, ыңғайсыз-ақ көрініс. «Мынау бірденені бүлдіріп қоймаса екен» деп отырасың іштей қышылықтап.

Сондай оқиғаға анау бір жылдары өзім куә болған. Бір отырыста жасы үлкен кейуаналар медресе бітіріп келген жас имамға «Қарағым, уағыздың болса айта отыр» деген. Өлгі бала тамағын кенеп алып, «Исламда ғұсыл деген болады» деп бастады. Ішім қылып ете қалды. Жасы он тоғыз-жиырмадағы жігіттің 70-80-дегі әжелерге ғұсыл жайлы әңгімелеуі біртүрлі оғаш-ақ, әрі тәрбиесіздік. Бірақ, оған қарап жатқан өлгі бала жоқ...

Әрине, уағыз айтылмасын демеуіміз, айтылсын. Бірақ ол тыңда-

луыға тағылым, тәрбие беретіндей, ой салатындай деңгейде, бір тартымды мысалдар келтіріліп айтылса ғой. Ал, біздің әр жаназа мен ас үстінде тыңдап жүрген уағыздың бәрі бір сарынды: намаз оқу керек, ауыз бекіту керек, ақыреттегі күнін ойлау керек, т.б. Бұны уағыз айтпай-ақ әрбір мұсылман баласы біледі. Енді осы сөздер ел жиналған жерде қайта-

Сендер отырған жерде бас салып, уағыз айта бастайсындар. Намаз оқымасаңдар, тозаққа барасындар деп елді қорқытасындар. Сол себептен сендерді қазір мектептер де шақырмай қойды. Кез келген жерде уағыз айта бермеңдер, оның да айтылатын жері бар, соны байқаңдар. Сендер баламен балаша, үлкенмен үлкенше, ғалыммен ғалымша сөйлесіп үйреніңдер, – деген. Осыдан артық қалай айтуға болады.

Дін маманы болмасақ та, жалпы оқып, ізденіп, өзімізше діннің теориясынан, басқадай қағидаларынан хабардар болып жүреміз. Кешегі бір замандарда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Садуақас (Сәкен халфе) Ғылмани, басқа да ғұламалар ислам дінінің қатып қалған догма емес, ғылым мен білім екенін дәлелдеу үшін әрекет етіп кеткен. Бірақ бүгін біздер ХХІ ғасырда өмір сүріп жатсақ та, исламды әлі де догма деп түсінеміз.

Бүгінде шешуін ғылым таппаған небір құбылыстар мен жұмбақтардың жауабы Құраннан табылып жатқаны әркімге аян. Егер имамдар уағыз айтарда осыларды мысал етіп: «Әлемде жауабы табылмаған жұмбақ құбылыстар, ғылымның әр саласындағы (медицина, биология, физика, т.б.) бұрын құпия болып келген жайлар Құранның пәленінші сүресінде, пәленінші аяттыңда айтылған», – деп содан мысалдар келтіріп әңгімелесе, халықтың уағызға деген қызығушылығы да артар еді. Және ел ішінде қасиетті Құран Кәрім мен ислам дінінің беделі де көтерілер еді. Халық исламның тек дін ғана емес, ілім, ғылым екенін түсінер еді.

Уағыз жөніндегі орынды пікірді осыдан он шақты жыл бұрын сол кездегі Бас мүфти Ержан қажы Малғажұлының аузынан естіп едім. Баянауылда өткен бір шараға Бас мүфти де келіп, сол араға жиналған облыс көлеміндегі имамдармен шағын жиын өткізді. Осы кісі не дер екен деп, біз де барып қатыстық. Сол арада Бас мүфтидің сөзін тыңдап отырып, кәдімгідей риза болдым. «Әй, имам бауырлар, – деді ол. –

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Музыка өнері – тәрбие өрнегі

Музыка балаларға эстетикалық, талғамдық тәрбие береді. Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың өнерге қызығушылығы артады.

Баланың жан-жақты тұлға болып өсуі музыкалық тәрбиесіне байланысты. Оның бастапқы кірпіштері бала кезінен қаланады.

Музыка баланың патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы балалардың әндерінен елге сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ, әрбір бүлдіршінге рәміздерді, әсіресе, мемлекетіміздің Әнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен дұрыс. Әнұраның мазмұнын балаларға егжей-тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері айтқызу керек.

Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Ән айту бәрін бірдей күш-қуатын қажет етеді. Әнді

дәл айтпайтын бала жақсы айта бермегеніне қарап үйренеді.

«Музыка тыңдатпайынша тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән-күйлерінсіз тәрбие беру менің басым қанбайтын нәрсе», – дейді В.Сухомлинский. Ой-өрісі жетілген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жана адамды тәрбиелеу – дамыған елдің қатарына кірудің алғышарттарының бірі. Бұл – отбасы мен мектеп қызметкерлеріне орасан зор жүктеме. Бала тәрбиеленіп отырып, білім алады.

Дидар МҰҚАЖАНОВА,
Қ.Аманжолов атындағы балалар музыка мектебінің музыка жетекшісі

ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды индустриялық университетінің ректораты және ұжымы Басқарма мүшесі – стратегиялық даму жөніндегі проректор Талғат Жақсыбайұлы Ниязовқа әкесі
Жақсыбай НИЯЗҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
№115

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық, аудандық және қалалық аумақтық инспекциялары ұжымы ҚР АШМ ВБҚК Теміртау қалалық аумақтық инспекциясының басшысы Салауат Сатыбалдыұлы Салимгереевтің ұлы
Дәулет САЛАУАТҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
№110

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Сайлау БАЙБОСЫН,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген
мәдениет қызметкері

Көшпелі мәдениеттің көшелі салтанаты

Еліміз тұңғыш рет V Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізгелі отыр. Осыған сай былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Туризм және спорт министрлігіне нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Көшпелі мәдениетіміз бен көне ғұрпымызды айшықтар ұлы аламанға дайындығымыз қалай? Еліміз түркі еліне ортақ долада несімен ерекшеленбек, тарқаталық...

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу – еліміз үшін айтулы оқиға. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз, – деп атап өткен еді Президент. Мемлекет басшысының бұл сөзінен V Дүниежүзілік көшпенділер ойынын Қазақстанда өткізудің бірден-бір себебі ұлттық спортты жандандырумен қатар, саяси мән-мағынасына көңіл бөлгенін аңғарамыз.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасы 3 бағытты қамтиды. Олар – спорт, мәдениет және ғылым. Көшпенділер ойындарына Астанаға халықаралық ұйымдар (қауымдастықтар, федерациялар, одақтар, клубтар) шақырылады. Қатысушы елдердің делегацияларының құрамында спортшылар, сонымен бірге, мәдениет және ғылым өкілдері бар.

Көшпенділер ойыны, оның ішінде, ұлттық спорт десе, әрине, еске бірден сап ететіні көкпар, аударыспақ, бөйте, жамбы ату, теге ілу сайыстары. Десек те, долада 100-ден астам мемлекеттің ежелгі ойындары болмақ. Бұл тек ат үстінде өнер көрсетер бәсекелер

ланған. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – көшпелі ұлт өкілдерінің әрқайсының өзіне тән салты мен ұлттық спорттарының ортақ мәніне назар аудару отырып туған идея. Мысалы, аударыспақ, жамбы ату, асық ату секілді жалпақ жұртқа танылған спорт



ғана емес дегенді білдіреді.

– Дүниежүзілік көшпенділер ойындары түркі, тарихи көшпенді халықтардың мәдени және рухани жақындауына септесіп, аралас-құраластығын арттырады. Оның спорт бағдарламалары – түркі жұртының ортақ тарихи мен мәдениетін біріктіретін көшпелі халықтардың ұлттық ойындарына негізделген. V көшпенділер ойынында спорттың 20, көрнекі 10 спорт сайысын өткізу жоспар-

түрлерімен қатар бейнелеу өнері, зергерлер сайысы, түрлі елдердің жыраулық қасиеттерін насихаттайтын жыршылар сайыстары да бұл доданың бір бөлігі, – деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Рустам Қожабеков.

Әрине, бұл орайда еліміздің тек ұйымдастырушылық тарапынан ғана емес, көне ғұрпыты қадірлеген ұлы елдікті танытардай



үлгілі ойын көрсетуі де шарт.

– Еліміз бойынша долада бой көрсетем деген үміткерлер баршылық. Оның барлығын алдағы іріктеу чемпионаты анықтайды. Іріктеуге облысымыздан қатысатын спортшыларға тоқталсақ, тоғызқұмалақтан спорт шебері Аңсаған Қожанәсіп, жамбы атудан Талғат Омарбаев, дәстүрлі садақ атудан Мая Казнева, аударыспақтан Азия чемпионы Нұрбек Аманжол, асық атудан Ерболат Қаржаубай дайындық үстінде. Сонымен қатар, өзге елдердің де спорт түрлерінен сайысқа түсер спортшылар да жоқ емес. Мысалыға, кыргыздардың «алыш», өзбектердің «қураш», қаріс елінің «сырым» күрес түрлері бар. Осыларға қазақ балуандары жеке сабақ алып дайындалып жатыр. Спортшылардың барлығы іріктеу сайысынан соң анықталады, – дейді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы дене шынықтыру-бұқаралық жұмыс бөлімінің басшысы Нұрлан Әшірбек.

Көшпенділердің дүниежүзілік ойындары – еліміздің әр өңірінің мәдени байлығы мен алуан түрлілігін көрсетуге мүмкіндік беретін ауқымды әлемдік оқиға. Естеріңізге сала кетсек, Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны 8-15 қыркүйек аралығында өтеді. 100-ден астам мемлекеттен 4 000-ға жуық спортшы қатысады. Жарысты өткізуге 8 миллиард теңге бөлінді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Велосипедтің өз жолы бар

Қарағанды саябақтары басқармасы қала тұрғындарына велосипедшілер мен скутерлерге арналған арнайы жолдардың бар екенін еске салады. Орталық саябақта тек солармен ғана жүруге болады. Әйтпесе айыппұл салынады.

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн жылынғанда шығатын велосипед пен скутер әуесқойлары үшін арнайы ережелер бар. Атап айтар болсақ, орталық және каскадты аллеялардың аймақтарында, жағалаудың және жағайдың жанындағы ойын алаңдарында көліктің бұл түрлерінде жүруге тыйым салынғанын есте ұстаған жөн.


Саябақта велосипедтер мен скутерлермен жүру үшін жеке велосипед инфрақұрылымы бар. Жолдар түрлі-түсті және арнайы белгілермен жабдықталған.

Қылқалам ұшындағы Қарағанды

Облыстық бейнелеу өнері музейінде Аркадан шыққан талай дарынды суретшінің туындылары сақталған. Өкінішке қарай, кәсіби деңгейдегі қылқалам шеберлері көпшілікке танылмай жатыр. Солардың бірі – Айбек Бегалин. Ол – Қарағандының келбетін жүрегінің бояуымен бере алған дегдар дарын. Бұқар жыраудың да портретін салып, тарихымыздың жаңғыруына үлес қосқан. Назарларыңызға Айбек Бегалин туралы мәлімет пен оның туындысын ұсынамыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айбек Бегалин 1963 жылы Қарағанды қаласында туған. 1989 жылы В.Суриков атындағы Москва мемлекеттік көркемсурет институтын тәмамдаған. Кескіндеме, графика өнерімен шұғылданады. ҚР Суретшілер одағының мүшесі. ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері. Айбек Бегалиннің полотноларында кейбір таныс танымдар басқа күйге бөленіп, дүниежүзілік деңгейге дейін көтеріледі де, адамдардың өмір сүру мәселесі шешіледі. Олар моральдық-этикалық мәселелер негізінде, мифологиялық шеңберде қаралады. Суретшінің шығармаларына дәстүрлі жақсылық пен жамандық, күн мен түннің күресі арқау етіледі. Айбек кеңістік құрылымын қатаң сақтап, оны жан-жақты бағыттағы қимылдармен байытып, түстер арқылы ойлы бір күшке бөлейді. Күрделі философиялық және этикалық мәселелерді шешу үшін суретші өз шығармаларында өзіндік бейнелеу тілін тапқан.



Айбек Бегалин бүгінде Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейлі мерекесіне орай қолданылып жүрген «Қарағанды» гербінің авторы. Бұл герб 2007 жылы шілде айында жасалды.

Назарларыңызға ұсынылған «Қысы Қарағанды» картинасы майлы бояумен кенепке салынған.

Сурет бейнелеу өнері мұражайынан

• ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Ел үздігі анықталады

Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайында тірек-қимыл аппараты мен көру қабілеті зақымданған мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасында тоғызқұмалақтан ел чемпионаты өтіп жатыр. Бұл чемпионат дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылады. Қарағандыда әр өңірден келген 120-дан астам спортшы бағы мен бабын сынауда.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл 17 команда қатысуда. Қарағанды облысынан – 5 адам. Павлодардан 17 спортшы келді.

– Мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында тоғызқұмалақ өте танымал. Бүгінгі чемпионатта үш санат сайысады: жастар, жалпы зағип және нашар көретіндер. Тірек-қимыл аппараты бұзылған спортшылар да өнер көрсетеді. Бұл долада жеңімпаз болғандар шілде айында Чехияда өтетін әлем чемпионатына жолдама алады, – деді облыстық мамандандырылған спорт мектебі басшысының мүгедектер спорты бойынша орынбасары



Жанат Жұмабеков.

Тәжіғали Қожамұратов Алматы облысынан келіп қатысып отыр. Ол мұнда тек жеңіс үшін келдім деп отыр.

– Тоғызқұмалақпен 2007 жылдан бері

айналысып келемін. Бүгін дейін жүзді жақсы көретінмін. Бірақ балаларымды ойына жазуға келгенде өзім де қызығушылық таныттым. Мен аптасына үш рет жаттығамын. Бұл ойын қолдың моторикасын, ақыл-ой әрекетін дамытуға көмектеседі. Жеңемін деп үміттенемін. Өйткені, әлем чемпионатына қатысып келеді, – дейді Тәжіғали Қожамұратов.

Қарағандылық 17 жасар спортшы Нұрәлі Елемес тоғызқұмалақ ойынын бірінші сыныптан бастаған. Бірнеше рет облыстық жарыстардың жеңімпазы атанып та үлгерген.

– Мектепте тоғызқұмалақтан сабақ берген мұғалім болды. Маған дойбы мен шахматтан гөрі осы ойын ұнады. Күрделі және қызықты. Негізгі есепті дамытады. Өйткені, сіз бірнеше қадамдарды санауыңыз керек. Мен 11 жыл бойы үйреніп, шыңдалып келемін. Мен бұл чемпионатта жеңіске жеткім келеді, – дейді Нұрәлі Елемес.

Тоғызқұмалақтан ҚР чемпионаты 8 сәуірге дейін жалғасады.

• ФУТЗАЛ

«Тұлпар» – ел чемпионы

Бірінші лига командалары арасында футболдан ел чемпионатының кубогы сарапқа салынды. Аталған турнирде қарағандылық «Тұлпар» шағын футбол командасы ел чемпионы атанып, суперлигаға жолдама иеленді. Әрі команда ойыншысы Артем Аншаков турнирдің «Үздік ойыншысы», Станислав Васильев – «Үздік сұрмергені» атанды.

Ел чемпионаты екі кезеңде өтті. Оған бес команда қатысып, өзара сынға түсті. Оның үшеуі қарағандылық – «Тұлпар», «Биосфера» және «ТЧЭ-14» клубы. Тараздан – «Омега», Алматы облысынан – «ҚазГАСА» клубы бақ сынады.

Бірінші кезеңде әр команда бір-бірімен ойнап, ұпай жинаған болатын. Нәтижесінде, бұл кезеңде «Тұлпар» жеңімпаз атанды. Ал, «Биосфера» 13 ұпай айырмашылығымен «Тұлпардан» қалып, II орын иеленді.

Қос команда плей-офф кезеңінде ойнап, 3:1 есебімен «Тұлпар» клубы жеңіске жетті.



• ФУТБОЛ

Сәуір айында үш кездесу

Қарағандылық «Шахтер» клубы сәуір айында үш кездесу өткізеді. Оның екеуі – ел чемпионатындағы кездесу, біреуі – ел кубогі сарапқа салынған дода.

Жерлестер 7 сәуірде өз алаңында «Астана» клубын қабылдайды. Қос команда осы турнирде былтырғы маусымда екі мәрте кездескен. Оның біреуінде елордалықтар жеңіске жетсе, екіншісінде тең түскен.

14 сәуірде Қазақстан кубогінің 1/8 финалында сырт алаңда семейлік «Елімай» клубымен бірінші ойын өткізеді. Екі ойынның қорытындысы бойынша жеңіске жеткен клуб 1/4 финалда «Оңтүстік академия» және «Қызылжар» клубтары арасында өткен кездесудің жеңімпазымен ойнайды.

Ал, 21 сәуірде ел чемпионаты аясында сырт алаңда талдықорғандық «Жетісу» клубымен кездеседі. Былтыр қос команда осы чемпионатта екі рет кездескен. Біреуінде өз алаңында жерлестер 0:1 есебімен жеңілсе, екінші кездесуінде сырт алаңда 1:3 есебімен есе қайтарған.

• ХОККЕЙ

Қола жүлде қоржынға түсе ме?

Хоккейден ел чемпионатының аяқталуына санаулы күндер қалды. Ал, қарағандылық «Сарыарқа» финалдық ойын үшін өткен тартыста көкшетаулық «Арлан» клубынан жеңіліп қалған еді. Енді жерлестер ел чемпионатының жүлделі III орыны үшін «Ақтөбе» хоккей клубымен кездеседі.

«Ақтөбе» хоккей клубы финал үшін өткен матчта «Номад Астана» клубына есе жіберген болатын. Осылайша, қос команда III орынды сарапқа салады. Екі команда арасында үш ойын өтеді.

«Ақтөбе» мен «Сарыарқа» клубтары арасындағы өткен ойындарына көз жүгіртсек, жерлестердің басым екендігін көруге болады. Қос команда былтыр ел чемпионатында төрт кездесу өткізіп, оның үшеуінде жерлестер жеңіске жеткен.

Айта кетейік, командалар арасындағы тартысты ойындар 5, 6 және 9 сәуір күндері өтеді.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Сурет шығу дереккөзден

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Байқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2XX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 37 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН